

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Хасанова Марина

zhur.enu@mail.ru

ЕҰУ-дің Журналистика және саясаттану факультетінің 1 курс магистранты,

Астана Қазақстан

Ғылыми жетекші – А.Бейсенқұлов

Интернеттегі видеоматериалдарды сақтау, трансляция жасау және көру техникалық жабдықтаудың жоғары деңгейін талап етеді. Сол себепті де телевидение басқа бұқаралық ақпарат құралдарына қарағанда интернет кеңістігіне кеш кірді. Алғашқы интернет арқылы көрсетілген телевизиялық бағдарлама («ABC» арнасындағы «Әлем жаңалықтары») 1994 жылы шыққанмен, ең бірінші кәсіби интернет телеарнасы www.broadcast.com 1998 жылы іске қосылды. Дегенмен, қазіргі таңда интернет телевидение әлемдегі ең көп таралған құбылыс болып табылады [1,208-6].

Видеоконтентті берудің екі негізгі түрі бар. Онлайн көрсетілім (ағылшынша «streaming») телеарнадағы бейнелердің интернет арқылы дәл қазіргі уақыт бойынша көрсетілуі. Сюжет не бағдарламаны кез келген уақытта қарау мүмкіндігі «тапсырыс бойынша телевидение» (ағылшынша «video on demand») форматында қол жетімді [1,210-2116].

Бейнеконтентті арнайы бейнехостингтарда орналастырады. Ол бейнені жүктеп, браузерде көре алатын сайттар. Қазіргі таңда ең танымалы Гугл компаниясына тиесілі «YouTube» сайты. Онлайн сюжеттерді қараумен қатар, бейне подкасттар да өте танымал. Әсіресе, шетелдік шоу-бизнес туралы бағдарламалары бар «ClevverTV» интернет телеарнасы барлық сандарын осы ресурсқа жариялайды. «Youtube.com» сайтының «google+», «tumblr», «pinterest», «blogger», «stumbleupon», «linkedin», «myspace», «reddit» әлеуметтік желілерінде өз паракшасы бар.

Қазнетте «Kaztube.kz» пен «Kiwi.kz» ресурстары өте танымал. «KazTube.kz» бейне-порталында түрлі мемлекеттердің жас мөлшері әр алуан пайдаланушылары күнделікті бейне-, аудиоконтентті көреді, тыңдайды және оқиды, сондай-ақ өздерінің роликтерін де жүктейді. Басты ерекшелігі – оның айрықша отандық контенті бар, сондай-ақ Интернеттегі мемлекеттік тілдің дамуына ықпал етуші ресурс ретінде танылады. Портал жұмысының негізгі бағыттары Қазақстанның мультимедиялық контентінің жинау мен іздестіру, қазақстандық теледидар мен радионы қалыптастыру болып табылады. «Хабар», «24.kz», «Қазақстан», «Балапан», «24 мир», «Kazakh TV» арналарына тікелей сілтеме бар.

«Kiwi.kz» сайты көңіл-көтерелік видеоларға негізделеді. «7 арнаның» жарнамасы ғана бар. «Танымал видео», «Аниме», «Спорт», «Қазақстан жаңалықтары», «Әзіл-сықақ», «Радио онлайн» бөлімдері бар. Бейнені тез табу үшін іздеу категорияларға бөлінген.

Интернет ықпалының ұлғаюын онлайн телевидениенің пайда бола бастауынан көруге болады. Соның бір көрінісі – жақында ашылған «Tengrinews.tv» сайтындағы телеарна. Негізгі бетіндегі «Блог» бөлімінде күнделікті жаңалықтар шығып тұрады. Дәстүрлі жаңалықтардағыдай жүргізуші-диктор жоқ, материалдар бірден сюжеттен басталады. 2013 жылдың мамыр айында «Медиаорталықтың» бір бөлігінен өрт шыққан кезде, осы арна бірінші болып жетіп, тікелей эфир жүргізді. Одан басқа «Детектор G» бөлімінде Қазақстанның танымал саясаттанушыларын, қоғам қайраткерлерін, депутаттарды шындыққа тексереді, Жанат Ертілесова жүргізетін «Профессиональный разговор» өмірдің өзекті проблемаларының шешімін табатындай етіп қонақты ашық әңгімеге тартады, «Акустика. Живой звук» айдарында қазақстандық топтың акустикалық орындауындағы әндерін камераға түсіріп, жариялайды.

«YV-TV» онлайн интернет телевидениесі «Ювижн» блог-платформаның негізінде жұмыс істейді. Өзіне бейнеблогшылардың және кәсіби продакшн-студиялардың контентін

біріктіреді. Ол жас, жарқын, өмірге құштар адамдарға арналған. Ақпараттық, қоғамдық-саяси, мәдени-ойын-сайық, танымдық бағыттары бар. Міндеті – танымдық, көңіл-көтерерлік контент құрастыру және жас режиссерлерді, бейнеблогшыларды, журналистерді, продюсерлерді қолдау. Бейне сұхбат, бейнеблог, репортаж, шолу, ток-шоу, пікір-талас, танымдық, эксперимент-бағдарламалар форматында шығады.

Атауы	Facebook	VKontakte	Twitter
«Youtube.com»	●		●
«Kaztube.kz»	●	●	●
«Kiwi.kz»		●	
«Tengrinews.tv»	●	●	●
«Yv.tv»	●	●	●

Қазнеттегі телеарналардың онлайн нұсқаларына тоқталайық.

«Хабар» телеарнасы қоғамда орын алған жайттар туралы жаңалықтар мен талдамалы бағдарламаларды үздіксіз, әрі жедел ұсынатын ақпараттық-телевизиялық агенттік болып табылады. Телеарна «билік – БАҚ – қоғам – тұлға» тізбегін құрайтын саясат, әлеуметтік-мәдени құндылықтар мен дәстүрді байланыстырушы басты құрал болып табылады. Мемлекеттік ақпараттық саясатты дамыту ақпарат таратудың басты қағидасына жатады. Эфирге шығарылатын бағдарламалардың 75%-ы телеарнаның төл туындыларынан құралады, яғни телеарнада түсірілетін бағдарламалар, телеарна мамандары аударатын көркем және деректі фильмдер, телехикаялар. Теледидардан көрсетілген барлық бағдарламаларды және жаңалықтарды сайттың мұрағатында табуға болады. Сонымен қатар жүргізушілердің өмірбаяны парақшаның төменгі жағында орналасқан. Негізгі бетінде арнаның ескі сайтына сілтеме бойынша өткен кезде, мазмұны жағынан бірдей, алайда көркемделуі жағынан басқа ресурс тұрады. Жаңа нұсқасында журналистер мен тілшілердің жеке блогтары алынып тасталған. Пайдалануға өте ыңғайлы, одан басқа онлайн көрсетілім функциясы бар.

Дәл осындай қызмет «Қазақстан» республикалық телерадиокорпорацияның бетінде де бар. «Қазақстан», «Білім Мәдениет», «Балапан» арналары корпорацияның қарамағында болғандықтан, сайттарының құрылысы мен айдарлары ұқсайды. Барлығында бейнемұрағаты, тв бағдарламалар кестесі, блогтар орналасқан. «Балапан» арнасы кішкентай бүлдіршіндерге арналғандықтан, сайттың дизайны өте әдемі, анимациялық суреттермен, балалар тематикасындағы бейнелермен толтырылған. «Балапан жаңалықтары», «Ол қандай бала болған», «Сен білесің бе?», «Қиял қанатында», «Алтын сақа», «Балапанның қонағы», «Балапаннан базарлық», «Блогтар» айдарлары бар. «Білім Мәдениет» арнасы - Қазақстандағы мәдени-танымдық бағытта хабар тарататын алғашқы телеарна. 2011 жылдың 26 қыркүйегінде «Қазақстан» РТРК» АҚ жанынан ашылған. Мақсаты - Қазақстанның тарихи және мәдени мұрасын сақтау, тілдік ортаны дамыту, рухани құндылықтарды насихаттау, көрерменнің талғамын көтеру. Сонымен қатар, арна жан-жақты дүниетанымын арттыру бағытында әзірленген отандық және шетелдік үздік телехабарлар мен деректі фильмдерді халыққа ұсынуда. «Мәдениет», «Ретро» және «Тарих» сияқты үш арнаны тоғыстыра отырып, ұлттық мәдениет пен ұлттық құндылықтарды насихаттауды басты назарда ұстайды.

«КТК» арнасының да сапалы онлайн нұсқасына таң қалуға болады. Арнаның ресми түсі – қызылмен ерекшелінеді. Екі тілде ақпарат таратады. Негізгі бетінде жаңалықтар сюжеттері және жедел ақпараттық заметкалар шығарылады. Бағдарламалар тізімі үстіңгі жолда немесе төмендегі үлкен банерлерде орналасқан. Әлеуметтік желілердегі ресми парақшасына өтіп, ақпаратпен бөлісуге болады. Сайт тек өзінің шығармашылық өнімдеріне жарнама жасайды.

Тағы да бір коммерциялық арна «31 арнаның» сайты қолдануға ыңғайлы. «Барлық жобалар», «Телебағдарламалар», «Бейнебаян», «Информбюро», «Бизнес» айдарлары бар. «31

арна» 1993 жылдың 12 сәуірінен бастап хабар тарата бастады. 2008 жылдың 1 наурызынан бастап «31 арнаның» хабарлар реті жаңа ойын-сауықтық үлгіге көшті: «31 арна» телерадиокомпаниясы мен «СТС Медиа», жаңа холдинг – «31 арна» компаниялар тобын құру туралы келісім-шарт жасасты. Бағдарламалар реті арнайы «31 арна» үшін жасалынған жергілікті және шетелдік бағдарламалық өнімдерден тұрады. Эфирдегі хабарлардың басым бөлігі телеарнаның қазақ тіліндегі өз өнімдері. Негізгі көрермендері - 6 мен 54 жас аралығындағы белсенді жандар. Біздің арнамыздан еңбектеген баладан, оқушы, студент, үй шаруасындағы жандар, мемлекеттік қызметкер мен банкир де өзіне қажетті бағдарлама мен фильмді тамашалай алады. Басты бетінде телехикаяларға жарнама жасалынған. Дәл қазіргі уақыт режимінде көрсетпейді, жаңалықтар эфирге шыққаннан кейін сайтқа орналастырылады.

Тура осындай жағдай «Жетінші арнаның» парақшасына да тиесілі. Әлеуметтік желілердің барлығында ақпарат бөлісіп, көпфункционалды қызмет атқарғанымен, онлайн режимі жоқ. Сайт күлгін түсте жасалынған.

«Астана» телеарнасы сайтының ерекшелігі – арнада көрсетілетін ұлттық және шетелдік телехикаялардың бейне мұрағаты бар. Яғни көрерменнің эпизодты жіберіп алған кезі болса, сайтқа кіріп, тамашалай алады. Бұл басқа сайттарда жоқ артықшылық.

«Еуразия» бірінші арнасы 1997 жылдың қазан айында «ОРТ Қазақстан» деген атаумен пайда болды. 2001 жылы атауын «Еуразия» бірінші арнасы деп ауыстырды. Арнаның бағдарламалау саясатында ағартушылық, зияткерлік, ойын-сауық жанрдағы мәдени бағдарламаларға басымдылық беріледі. Сайт екітілді, жарнама тек өз өнімдеріне жасалынған. Сонымен қатар арнаның өкңлдерң болатын жүргізушілер туралы ақпарат жазылған.

Екі тілде тәулік бойы ақпарат тарататын «24.kz» арнасының сайты қарапайым, материалдарды табу өте ыңғайлы. Жаңалықтардың өзі сағат сайын жаңарып тұратындықтан, сайтта да тұрақты түрде жаңа ақпарат шығып тұрады. Әр ақпаратқа әлеуметтік желіге тіркелу арқылы пікір қалдыруға болады. Екі бағанаға бөлінген: біріншісінде жалпы материалдар, оң жағында соңғы жаңалықтардың тізімі шығып тұрады.

«НТК» арнасы дайын сатып алынған бағдарламалар, телехикаялар, кино мен мультфильмдерге маманданғандықтан, жаңалықтар легі жоқ. Тек шоу-бизнес туралы «Ревю» бағдарламасының материалдары жарияланады. Бейнемұрағаты жоқ, тек болатын фильмдердің қысқаша аннотациясы берілген.

«Хит ТВ» музыкалық арнасының сайтында шоу-бизнестің жаңалықтары, әртістердің бейнебаяндары, өзінің жеке «HitTV Social» атты әлеуметтік желісі бар. Жүргізушілерінің фотосуреттері негізгі беттің бас жағында орналасқан, олардың қызығушылығы туралы ақпаратты табуға болады. Өнімдерінің ішінде үздігін таңдау үшін сауалнама ұйымдастырылған. Жаңа оқырмандар сайтқа тіркелгеннен кейін басқа пайдаланушылармен әңгімелесіп, әндер хит парадына дауыс беріп, сүйікті әншіні алдыңғы орынға шығаруға тырысады. Негізгі түсі – қара.

Атауы	Тілі	Facebook	Vkontakte	Twitter	You Tube	On line
«Хабар»	қазақша, орысша, ағылшынша	●	●	●	●	●
«Қазақстан»	қазақша	●		●	●	●
«Білім Мәдениет»	қазақша	●		●	●	●
«Балапан»	қазақша	●		●	●	●
«24.kz»	қазақша, орысша	●	●	●	●	

«Жетінші арна»	қазақша, орысша	•	•	•	•	
«Астана»	қазақша, орысша	•	•	•	•	
«КТК»	қазақша, орысша	•	•	•	•	•
«31»	қазақша, орысша	•	•	•	•	
«НТК»	орысша	•	•			
«Евразия»	қазақша, орысша	•	•	•	•	
«Хит ТВ»	Қазақша мен орысша аралас	•	•	•	•	

1990 жылдардың басында АҚШ-та дыбысты әлемдік ғаламторда тарата алатын форматтар жасалып, жетілдірілді. Американдық «Internet Talk Radio» ең алғаш интернет радиостанциясына 1993 жылы ие болды. Сол жылдан бастан интернетте дыбыс тарату эрасы басталады [2,195-6].

Қазнеттегі радио екі түрге бөлінеді: холдинг сайтынан онлайн хабар тарататын және өздерінің жеке сайттары бар радиолар. Біріншісіне «Қазақстан» телерадиокорпорациясының сайтында орналасқан «Қазақ радиосы», «Шалқар», «Астана», «Классик» радиолары. Бұл беттерде радионы онлайн, плейпарақтарды, жаңалықтық сюжеттерді, бағдарламаларды тыңдауға болады. Сонымен қатар, шығармашылық ұжымның тізімі орналасқан.

Өздерінің жеке сайттары бар радиолар өздерінің тыңдармандарына көбірек мүмкіндік береді. «NS радиосының» ееркшелігі – «веб камераға қарау» айдарында. Яғни, тыңдарман студияда болып жатқан процесті көреді. Веб камераға жазылған бейнеролик «бейнекітапханада» сақталынады. «Радио», «Жаңалықтар», «Онлайн хабар тарату», «Музыка», «Бағдарламалар», «Қонақтар», «Жарнама», «Форум» бөлімдерінде барлық керекті ақпарат жүктелген. Радионың Фейсбук, Твиттер, Вконтакте әлеуметтік желілерінде жеке парақшалары бар.

«Энерджи фм» радиосының сайты «НС радиосына» ұқсас. «Love radio» аудиторияны жалықтырмай, жаңа тыңдармандарды тарту үшін жиі акциялар ұйымдастырады. Өртүрлі музыкалық фестиваль мен концерттерге билеттерді тікелей эфирде ойнатады. Радионың мұрағаты жоқ. Жаңадан ашылған «Orda fm»-ның эзірше сайты да жоқ. Алайда Твиттер арқылы тыңдармандарымен кері байланыс орнатқан. Астана қаласының әкімшілігімен ұйымдастырылатын іс-шараларға билеттерді ойнатады.

«Тенгри ФМ» радиостанциясы онлайн трансляциядан басқа, Қазақстандағы рок мәдениетті насихаттайтын әрі дамуына үлес қосатын бұқаралық ақпарат құралының функциясын атқарады. Өзі «әлемдік роктың нағыз энциклопедиясы» деген позицияны ұстанады. «На вершине Тенгри» жобасы «СТВ» арнасында көрсетіледі. Оны медиамұрағатында да табуға болады. Сайты қарапайым, онлайн тыңдау мен мұрағатты қарау мүмкіндігі ғана бар. Кері байланыс үшін редакция телефондары көрсетілген.

Тағы бір атап өтетін сайт - «Радио Свобода»-ның қазақстандық бөлімшесі «Азаттық радиосы». Радиостанция үш қалада: Алматы, Семей мен Шымкентте хабар таратады. Радионы онлайн тыңдау үшін ФМ тіркемеге өту керек. Ал сайттың өзі мәтіндік және бейнелік контентті біріктіреді. Жаңалықтар «Саясат», «Әлеумет», «Әлем», «Адам құқықтары» және мемлекеттер бойынша бөлінеді.

Интернет журналистика – тәуелсіз журналистиканың дамуына үлкен әсер ететін мықты механизм. Дегенмен, БАҚ пен интернет-технологиялар бір-біріне әсер етеді. Біріншіден: көптеген телерадионың интернеттегі баламасы бар, біреулері интернет-сайт,

блог ашуда. Екіншіден: интернет-технологиялардың базасында жұмыс істейтін БАҚ дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарынан ерекшеленеді. Олар арзан, жер шарының кез келген нүктесіне тарайды, ақпарат жедел түрде таратылып, жарияланады. Ол арқылы плюрализм дамиды. Одан басқа, журналистер мен ақпараттық қоғам арасындағы байланыс одан әрі күшейеді. Арақашықтық маңызды рөл ойнамайды, шетелден отандық сайттарға ақпарат жіберуге болады.

Қолданылған әдебиеттер

1. Интернет-СМИ: Теория и практика. Учебное пособие для студентов вузов. / под ред. М.М. Лукиной. – М.: Аспект Пресс, 2010
2. Васильев А., Computer Club Magazine. Взрослеющий Казнет. // PROFIT.KZ: все об ИТ в Казахстане. URL: <http://profit.kz/articles/1600-Vzrosleuschij-Kaznet>.

ӨОЖ: 796. 01: 376

ШЫҢЖАҢ ХАЛЫҚТЫҚ РАДИОСЫНЫҢ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ

Хахан Айдынгүл

zhur.enu@mail.ru

ЕҰУ-дің Журналистика және саясаттану факультетінің 2 курс магистранты, Астана
Қазақстан

Ғылыми жетекші – Р.Нуриден

Тағдырдың басқа салуымен шетелдерде өмір сүріп жатқан қазақ хандарымыздың рухани қазынасы – ортақ қазына. Себебі қанымыз да, жанымыз да – бір қазақ. Осы ретте Қытай Халық Республикасындағы 57 ұлттың арасында 17-ші, ал мәдени ықпалдастық деңгейі бойынша 5-ші орынды иеленетін ат төбеліндей қазақтың рухани қажеттілігін өтейтін 6 мемлекттік баспа, 2 арнайы телеарна, радио, ондаған газет-журнал, оған қоса кино саласының, Ұлттық істер, Тіл және жазу, Аударма комитеттерінің қазақ бөлімдері қызмет атқаратындығы қуантады және олармен бірлесе, ынтымақтаса жұмыс істеуге ынталандырады. Олардың ішінде өлкелік «Мұра», «Іле айдыны», «Тарбағатай», «Шыңжаң қоғамдық ғылымы» журналдарының, «Шыңжаң», «Іле» газеттерінің, Шыңжаң халық радиосы, оны аймақтық қосындарының, ШҰАР Қазақ телевизиясы мен оның аймақтық, аудандық құрылымдарының, т.б. ұжымдар бар екен[1].

Елімізбен іргелес жататын Қытайдың солтүстік-батысына орналасқан аз ұлттар жиі қоныстанған Шыңжаң өлкесінде 13 ұлт шоғырланған. Оның ішінде қазақ ұлты 1,5 миллионнан асады. Сол миллион қазақтың «құлағы һәм көзі» болып келе жатқан екі радио қазақ тілінде сөйлейді. Оның бірі, Шыңжаңдағы қазақ радиосы болса, екіншісі алып елдің астанасына орналасқан Пекиндегі қазақ радиосы.

Бұқаралық ақпарат құралдарының ішінде ықпалды әрі әлі де зерттеуді қажет ететіні – шетелдегі қазақ тілінде хабар тарататын радиолар екені сөзсіз. Бұл туралы кезінде журналистика ғылымдарының кандидаты, доцент, профессор Нуриден Рахима Шәріпқызы зерттеген еді. Ол өзінің «Халықаралық радиожурналистика» кітабында «Халықаралық радиохабарлар ұлттық бұқаралық ақпарат жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады. Оның ерекшелігі – хабар тартаудың бұл түрі бірнеше тілде және сол елдің тілінде жүзеге асырылады» дейді де, халықаралық радиохабарлардың даму кезеңдерін үшке бөледі: «Бірінші кезең 1920-1940 жылдар аралығы. XX ғасырдың 20 жылдары пайда болып, екінші дүниежүзілік соғыстың аяғында әлемнің әртүрлі елдерінде шетел аудиториясына арналған радиохабарлар қалыптасты. Екінші кезең 1946 жылдан басталып «қырғы қабақ соғыс» деген атқа ие болды. Үшінші кезең 1980-90 жылдар». Осы кезеңдердегі халықаралық радионың шығуы туралы «Халықаралық радиожурналистиканың ғасырға жуық тарихында алғашқы екі